

Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 қарашадағы № 9-3 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2, 3 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жамбыл ауданы бойынша, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің №1, 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық
мәслихат төрағасы*

М. Шайдаев

Шешімге № 1 қосымша

Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,65 0,68
2	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,30
3	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,72
4	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0005
5	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
6	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,15

7	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,45
8	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,17
9	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
10	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
11	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,05
12	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,35
13	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,23
14	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,22
15	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,15
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,20
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,20
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,05
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,30
20	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
21	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
22	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,20
23	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
24	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар	1000 қатысушы	0,03

Жамбыл ауданы бойнша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға , сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығысыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	155,00
Жайлы және жайлы емес үйлер		162,20
Бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	2 862,00